

17 тамыз,
Сәрсенбі,
2022 жыл.

uil-gazet@mail.ru

ОЙЫЛ

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

«КОКZHAR LOVE» АТТЫ ЭКСКУРСИЯ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАСТАР КҮНІНЕ АРНАЛДЫ



Жуырда ауданымызда 12 тамыз халықаралық жастар күніне орай «КОКZHAR LOVE» атты Ойыл ауданының тарихи жерлеріне экскурсия шарасы өтті. Айтулы шараға аудан әкімі Асқар Қазыбаев, Ақтөбе облыстық ішкі саясат басқармасы жастармен жұмыс жөніндегі бөлімінің басшысы Елеусіз Ондабергенұлы, облыстық жастар ресурстық орталығының басшысы Нұрлыбек Мусин және аудандық жастар ресурстық орталықтарының басшылары мен аудан жастары қатысты. Алдымен ауданның тарихи орындарын аралаған жастар, ауданның өткен ғасырдағы тарихынан жан-жақты ақпарат алды. Ш.Берсиев атындағы өнер және өлке тарихи музейін аралап, ауданның тарихымен танысқан жастар экскурсияны XIX ғасырда салынып, бүгінгі күнге дейін сақталған керуен сарайды тамашалады. Сонымен қатар аудандық мешітке арнайы барып, құран бағыштады. Киелі Көкжардың тарихына қызығушылық танытқан белсенді жастар Медет Құлмұқановқа бірнеше сауалдарын қойып, аудан тарихына өбден қанықты. Айтулы шара өрі қарай табиғат аясында жалғасты. «КОКZHAR LOVE» атты аудан әкімімен бейресми кездесу өткізді. Онда жастар ойларын ортаға салып, көршілес аудандардан келген меймандар жылы лебіздерін білдіріп, ашық сұхбат құрды. Өнерпаз жастар өнерлерін көрсетіп, шара соңы марапатқа ұласты.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

«МӘДЕНИЕТТІ АНА - МӘДЕНИЕТТІ ҰЛТ» ЖОБАСЫ-ОҰЫЛ АУДАНЫНДА

ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА ҚОҒАМДАҒЫ АНАЛАРДЫҢ, ЖАЛПЫ ӘЙЕЛ ЗАТЫНЫҢ АТҚАРЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН РӨЛІ ӨТЕ ЖОҒАРЫ. ҚАЙ САЛАНЫҢ ДАМУЫНА ДА ӨЛШЕУСІЗ ҮЛЕС ҚОСЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН НӘЗІК ЖАНДЫЛАРДЫҢ ЕҢБЕГІ ЖҰРТШЫЛЫҚТЫҢ КӨЗ АЛДЫНДА. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ «МӘДЕНИЕТТІ АНА - МӘДЕНИЕТТІ ҰЛТ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖОБАСЫН ІСКЕ АСЫРУДЫ ТАПСЫРҒАН БОЛАТЫН. ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУ МАҚСАТЫНДА АРНАЙЫ ЖОЛ КАРТАСЫ ӨЗІРЛЕНІП, ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ЕЛДІҢ БАРЛЫҚ ӨНІРЛЕРІНДЕ ТҮРЛІ ФОРМАТТА ІСКЕ АСЫРЫЛУДА.



Осы орайда өткен сәрсенбі Ақтөбе облыстық «Қоғамдық келісім» КММ мамандары, Аналар кеңесінің төрайымы Жұмабике Қалиева, облыстық аналар кеңесінің жұмысын үйлестіруші Рауза Серғалина, жас аналар кеңесінің жетекшісі Бақытгүл Жетесова жоба аясында ауданға іс-сапармен келді. «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында «Ел анасы» атты тәжірибе алмасу мақсатында аналар кеңесінің отырысы өтті. Ай-

тулы шара алдымен аудандағы қол өнер шеберлерінің бұйымдарынан құрылған көрмесімен басталды. Сонымен қатар «Ұмытылып бара жатқан ұлттық салт дәстүрлер» фотогогалерясы ұсынылды. Ал, келіндеріміз шараға жылған қонақтарға иіліп сәлем беріп, қарсы алды. Аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев ауданға келген қонақтармен таныстырып, кездесуге қатысушыларды еркін, ашық пікірлесуге шақыр-

ды. Еліміздің әр өңірінде айрықша өткізіліп жатқан «Мәдениетті ана-мәдениетті ұлт» жобасы аясында «Ойыл аудандық аналар кеңесінің атқарылған жұмысы» туралы аналар кеңесінің төрайымы Айсулу Мамбетова арнайы дайындалған слайд арқылы таныстырып өтсе, Қобда аудандық аналар кеңесінің мүшесі Назила Алдырбекова аналар кеңесінің атқарылған кешенді жұмыс-

тары туралы баяндады. Кездесу соңында облыстық аналар кеңесінің төрайымы Жұмабике Қалиева кездесудің маңыздылығын айта келе, қазіргі уақытта ұрпақ тәрбиелеуде ең өзекті мәселелерді қамтып, аналар кеңесі өртүрлі бағытта түрлі бастамалар жасап, ұрпақтың, ұлттың болашағы үшін үлес қосатынын жеткізді.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

КӨПТОҒАЙДА КЕЛЕЛІ ІСТЕР КӨП



Жуырда аудан әкімі Асқар Қазыбаев Көптоғай ауылдық округі мен Шұбарши елді мекенінің тұрғындарымен кездесті. Онда ауыл тұрғындарына ауданның 1 жартыжылдығындағы өлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне тоқталды.

Сондай-ақ тұрғындардың ұсыныс-тілектерін тыңдап, көкейкесті сауалдарына толыққанды жауап берді. Биыл Көптоғайда атқарылатын келелі істер көп. Ауылдың төрт көшесіне асфальт жамылғысы төселді. Сондай-ақ дөрігерлік амбулатория салу жұмыстары жүргізіледі. Ал, Шұбарши елді мекеніне орталықтан-дырылған ауыз су құбырын тарту үшін қаржысы бөлініп тұр. Бұл шұбаршиліктер үшін үлкен қуаныш. Ауылға жасалынып жатқан игі істердің жарқын көрінісі іспетті. Сонымен қатар Шұбаршиге шағын футбол алаңын салу үшін аудандық бюджеттен қаржысы бөлініп, құрылыс жұмыстары басталды. Бұрын мұндай спорт алаңы аудан орталығында ғана болса, қазір ауданға қарасты елді мекендер мен шағын ауылдарда көптеп салынууда. Бұл ауыл баласын спортқа бір табан жақындата түскендей. Осындай игі істердің атқарылуына мұрындық болып, аз да болса

қаражатты ауылдың ажарлануы үшін тартып отырған аудан әкімі кездесуде тұрғындарға өз атынан өтінішін жеткізді. Өкіміңіз өтініші қандай дейсіз бе? Ендеше тарката кетейік, тұрғындарға тұрғын үйлеріңіз сыртқы қасбетін өкпеп, қоршауларын тіктеп, тазалыққа мұқият назар аудару ректегіңізді баса айтты. «Ауылыңа қарап азаматың таны!» деген мақалды ұстанған өкіміңіз айтпақ ойының жаны бар. Әлбетте «Ауылда тұрамыз ғой, ауылға жарайды» деген бойымызға сіңген теріс пікірден арылып, ауылдың ажарлануы үшін алтын бесікке абыройлы міндет қылу беріміздің ортақ парызымыз екенін ұғынатын сәтке жеттік. Бұрын тұрғындар тарапынан елге қатысты көтерілетін мәселе көп болатын-ды. Қазір тұрғындардың тілегі рет-ретімен шешімін тауып келеді. Демек, иек астынан жоқты іздеп, жалған намыспен сын айту береке бірлігімізді нығайтуға жол ашпайтынына өбден көзіміз жеткендей. Елге болсын десек, «Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып» қызмет қылайық ағайын!

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл-Шұбарши-Көптоғай-Ойыл.

КӨГІЛДІР ОТЫН КӨП МӘСЕЛЕНІ ШЕШЕДІ



Өткен жұма күні аудан әкімі Асқар Қазыбаев Ш.Берсиев атындағы ауылдық округтің орталығы Қаратал және Қарасу, Құмжарған елді мекендерінің тұрғындарымен кездесті. Елді мекен тұрғындарымен кездесулерде аудан басшысы атқарылып жатқан жұмыстарды баяндап, алдағы жоспарларымен бөлісті. Кездесу барысында ауыл тұрғындары жол, қысқы мал азығын дайындау, көгілдір отын сынды тағы да басқа мәселелерді көтерді.

Еске салсақ, бұрын қарасулықтар ауыз су мәселесін көтерсе, қазіргі таңда бұл мәселе шешімін тапты. Қарасуға кешенді блок модуль арқылы таза ауыз су желісін іске қосу жұмыстары басталды. Ал, қарасулықтардың ендігі тілегі көгілдір отын болып отыр. Округ орталығындағы кездесуде ауыл тұрғыны Мәтжан Сембіғалиев мектепке көгілдір отын кіргізу жөнінде мәселе көтерді. Мұнда да атқарылған жұмыстарға тоқталған аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы ауыл тұрғындарын тазалық жұмыстарына назар аударып, малдың күтімін тұрақты ұйымдастыру керектігін жеткізді. Сонымен қатар ауыл шаруашылық техникаларын жеңілдікпен алу жолдарын түсіндіріп, мемлекеттік бағдарламаларға қатысу арқылы мемлекеттің қолдау-көмегін тиімді пайдалануға шақырды.

Ш.Берсиев атындағы ауылдық округтің қазіргі тынысы көңіл қуантады. Округ орталығына көгілдір отын барып тұр. Шағын футбол алаңы бар. Көшелерге жарық шамдары қойылып, өкімшілік ғимараты күрделі жөндеуден өтті. Қазір таңда ауыл жастарын қолдау мақсатында спорт кешенінің құрылысы басталған. Екі көшеге асфальт жамылғысы төселген. Бұл жұмыс өлі де жалғасын табатынын да сұрап білдік. Қараталда құдды бір атақты диқан Шығанақ атамыз бен сынықшы, өулие Сүлеймен аталарымыздың өруағы қолдап тұрғандай күй кешесін. Тұрғындарда үйлерін жөндеу, кеңейту, сыртқы қасбетін түзету жұмыстарында сәлде болса қозғалыс бар екенін ауылға кіргеннен-ақ байқауға болады. Аудан әкімінің Құмжарған елді мекеніндегі тұрғындармен кездесу жиынында да ұсыныс-пікірлер тыңдалып, қозғалған мәселенің шешілу жолдары қаралды. Аудан әкімі әрбір сұрақ пен ұсыныс-пікірлерге жауап беріп, олардың шешілу жолдарына тоқталды. Құмжарғандықтардың да басты тілегі көгілдір отын. Сондай-ақ Ойыл-Шұбарқұдық тас жолына жалғайтын 3 шақырым көтерме жолды жөндеп берулерін сұрады.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл-Қарасу-Қаратал-Құмжарған-Ойыл.

АНА ТІЛІНІҢ АБЫЗ АНАСЫ – РӘБИҒА СЫЗДЫҚ



«Тіліңіз тәтті, ойыңыз қандай! Тыңдадым, ұқтым жан күйіңізді. Болар ем күнде бір жасарандай, Көп туса қазақ дәл сіздей қызды!»... Бұл жолдар 1946 жылы заманымыздың көрнекті ақыны Қасым Аманжоловтың Ұлттық ғылым академиясының академигі Рәбиға Сыздықоваға арнаған өлеңінен үзінді. Рәбиға Сәттіғалиқызы қазақ филологиясының дамуына өлшеусіз үлес қосқан аңыз тұлға. Оның тіл білімі саласына қосқан үлесі тереңі теңіз. Ұлттық Ғылым академиясының мүшесі, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, профессор, Ойылдан шыққан ғалым апамыз Рәбиға

Сыздықова 17-ші тамызда 97 жасқа толар еді. Осы орайда кеше аудандағы кешенді шара орталық кітапханадағы «Коворкинг» орталығында «Ана тілінің абыз анасы» атты портреттік кешпен басталды. Айтұлы шараға Рәбиға апамыздың немересі Санжар, осы шараларды ұйымдастырып жүрген республикаға белгілі өлкетанушы Бекарыстан Мырзабай, облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы Медет Ысқақов, Атыраудағы ағайындары, шәкірттері арнайы келді. Шараның шымылдығы «Өзге емес, өзін айтпа өз жайында» деп басталатын тоғыз тараулы, тоқсан асулы мерейтойы жақында-

ған тұста түсірілген, тіл білімі саласында еңбек еткен жолы мен өмір жолы баяндалған бейнебаянмен түрілді. Алдымен еңбек ардагері, «Қаһармандар» республикалық қоғамдық қорының Ақтөбе облысындағы өкілі, республикаға белгілі өлкетанушы Бекарыстан Мырзабай апамыз жайлы естеліктерімен бөлісті. Рәбиға Сыздықтың шәкірті, филология ғылымдарының докторы, Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры Орынай Жұбай қиындыққа мойымайтын қайсар мінезі туралы, оның еңбек жолында жеткен табыстары мен өнегелі істеріне тоқталды. Кеш барысында «Жас қалам» қызығушылық клу-

бының мүшелері Рәбиға апамызға арналған қазақ жазушыларының арнауларын оқып, поэзия өлемінен сыр шертті.

Ғалым анамыз жерлесіміз екені, Ойылда дүниеге келгені бәрімізге белгілі. Шарада ғалым апамыздың нағашысы болып келетін Әміровтер отбасына талай елге келген сәтінде шаңырағынан дәм татып, құрметті қонағы болғаны белгілі. Рәбиға апамыздың нағашысы, Қуаныш Әміровтың жиені, Әдина Тимурқызы «Ұлықты ұлықтаған ұлы есім» атты баяндамасын көпшілікке ұсынды.

Келесі кезекте Облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы Медет Ысқақов өзінің сөзінде ғалымның шыққан биігін, еңбегін айрықша жоғары бағалайтынын тілге тиек етті. Аудан өкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев тіл білімі саласында еңбек еткен ғалым анамыздың ғибратты жолы қашанда жас бунға үлгі екенін жеткізді.

Тағылымы мол шарадан кейін Рәбиға Сыздықованың рухына арнап ас берілді. Асқа ойылдық ақсақалдар мен зиялы қауым өкілдері, ауылдық округтен келген меймандар қатысты.

«Рәбиға Сәттіғалиқызы – бір өңірдің ғана емес, бүкіл елдің қызы. Ол саналы өмірін ел-жұртына арнаған ғалым. 95 жасында өмірден өтті. Еліміздің барлық өңірі көңілін білдіріп, қайғыға ортақтасып жатқан апамыз туралы айтылар өңгіме көп. Егер қазаққа Рәбиғадай қыздар көп болса, еліміздің өңесі ешуақыт-та түспейді. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын» - деді, аудан өкімі Асқар Қазыбаев.

Тыныштыбай Шалабаев, Амангелді Жұманов, Қазбек Нұрымгерейұлы, Амангос Қысқосов сынды ойылдық ақсақалдар өмір жолын үлгі етіп, көп өнеге алуға болатынын айтты. Дастархан соңында арнайы келген қонақтарға ерекше сый-құрмет көрсетіліп, естелік сыйлықтар табысталды.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА, Ойыл селосы.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТЫ ХАТШЫСЫНЫҢ ШЕШІМІ

15 тамыз 2022 жыл № 15 Ойыл селосы Аудандық мәслихаттың кезекті он төртінші сессиясын шақыру туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10 бабының 2 тармағына сәйкес ШЕШІМ ЕТЕМІН: Жетінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезекті он төртінші сессиясы 2022 жылдың 27 тамызы күні сағат 10.00-ге аудан өкімдігінің мейіліс залында шақырылсын.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер енгізілсін: 1. Өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы аудан өкімі А.Қ.Қазыбаевтың есебі туралы.

Баяндамашы: А.Қ.Қазыбаев - аудан өкімі.

2. Аудандық мәслихаттың 2021 жылғы 27 тамыздағы №70 «Ойыл ауданы бойынша 2021-2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарын бекіту туралы» шешімінің орындалуы туралы.

Хабарламашы: А.Қ. Мұбарак - аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы.

3. Басқа да мәселелер.

Аудандық мәслихат хатшысы: қолы қойылған С.Ф.Займолдин

«АТАМЕКЕННІҢ» АУДАНЫҚ ФИЛИАЛЫНА ЖАСҰЛАН ЕРЖАНОВ ЖЕТЕКШІЛІК ЕТЕДІ



«Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлік Палатасының қызметкерлерді басқару департаментінің директоры Л.Жайықбаеваның 2022 жылдың 9 тамызы күні №295/РПП04-2 бұйрығы негізінде Жасұлан Мінсібайұлы Ержанов Ақтөбе облысының кәсіпкерлер палатасы Ойыл аудандық филиалының директоры лауазымына тағайындалды. Қазақстан Халық Банкінің Ойыл аудандық филиалында еңбек жолын бастаған Жасұлан Мінсібайұлы ұзақ жылдар ауданның салық комитетін, аудандық жер қатынастары бөлімін басқарды. Отбасылы. Жұбайы Жұлдыз Қибақызымен екеуі ұлы тәрбиеленісірі. Жасұлан Мінсібайұлы үшін ауданның жалпы тынысы таныс. Сондықтан, жүктелген міндетті абыроймен атқарып, бұл саланы да жұмысына тың серпін береді деп сенеміз!

ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР ТАЛҚЫЛАНДЫ



Өткен аптада Ойыл аудандық мәслихатының білім, мәдениет және жастар саясаты жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысы өтті. Комиссия төрағасы Сәндібек Нұрбаевтың төрағалығымен өткен комиссия отырысына аудандық мәслихат депутаттары, бірқатар мекеме басшылары қатысты. Қозғалған әр мәселе бойынша сала басшылары баяндама жасап, жасалған жұмыстар жайында толыққанды мәлімет берді. Сонымен қатар өзекті мәселенің мән-жайы нақтыланып, депутаттар арасында кеңінен талқыланды.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңының орындалуы туралы аудандық жастар ресурстық орталығының басшысы Жангүл Ізгарина баяндады. Ауданда жастармен атқарылған бірқатар жұмыстар жөнінде ба-

өз тілшіміз.

«АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНА ҮЛКЕН МҮМКІНДІК

КӘСІП АШҚЫСЫ КЕЛЕТІН АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНА «АМАНАТ» ПАРТИЯСЫ ҮКІМЕТПЕН БІРЛЕСІП, «АУЫЛ АМАНАТЫ» АТТЫ ЖОБАНЫ ІСКЕ ҚОСТЫ. БҮЛ - МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ «ХАЛЫҚТЫҢ ТАБЫСЫН АРТТЫРУДЫҢ 2025 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ БАҒДАРЛАМАСЫ» АЯСЫНДА ҚОЛҒА АЛЫНҒАН БАСТАМА. АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ТҰРҒЫНДАРЫН ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ ҰЛҒАЙТУ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ТАБЫСЫН АРТТЫРУ АЯСЫНДА ҚОЛҒА АЛЫНҒАН ЖОБАНЫҢ АЛҒА ҚОЙҒАН МІНДЕТТЕРІН ТҮСІНДІРУГЕ АРНАЛҒАН МОБИЛЬДІ ТОП КЕМЕР, ҚАРАТАЛ АУЫЛДАРЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСІП, ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫН ТҮСІНДІРДІ.



Ауыл тұрғындарының жұмыспен қамтылуы мен табысын арттыруға бағытталған жобаның мақсаты - ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге жан-жақты қолдау көрсету, ауыл тұрғындарын агробизнеске тар-

ту, азық-түлік қауіпсіздігіне қатысты мәселелерді шешу, азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру.

Ауқымды ақпараттық нақанды өткізу үшін ауыл тұрғындарын «Ауыл АМАНАТЫ» жобасының мүмкіндіктерімен таныстыру мақсатында 40 күндік республикалық марафон басталған болатын. Жоба аясында кәсіби бизнес тренерлер Динара Сүйіншіқалиева, Амандық Абуов, Асқар Имағанбетов, Зульфия Ша-

рафеддинова жобаның мақсатымен, шарттарымен кеңінен тоқталып өтті.

«Бүгінгі біздің мақсатымыз – ауыл тұрғындарына осы жобаның артықшылықтарын түсіндіру. Жобаның тағы бір мақсаты - кез келген тәсілдермен халықтың табысын арттыру. Оның ішіне халықты кәсіпкерлікке тарту, сол арқылы жаңа жұмыс орындарын құру, халықты өндіріп отыраған өнімдерін сату кіреді. 2023 жылға дейін қаржыландырылатын «Ауыл аманаты» жобасы аясында ауыл өкімдері арнайы оқудан өткен. Олар халыққа бағыт-бағдар бере алады.

Жобаға қатысуға кез-келген адам өтініш бере алады. Ұсынылған бизнес жоспардың қажеттілігі, тиімділігі ескеріле отырып, шешім қабылданады. Мемлекеттік қолдау нәтижесінде бұл жоба қатысушыларына 2,5 пайызбен несие беру көзделуде. Егер мал шаруашылығын қолға алынғыз келсе - 7 жылға, ал басқа кәсіпті несібінізе айналыр болсаңыз - 5 жылға дейін мерзімге беріледі. Тек бір шарты бар. Үйіңізді келіпте қоясыз» - деді жобаның шартын түсіндірген Асқар Имағанбетов.

Тұрғындар тарапынан жеңілдетілген несие алу, субсидияға қол жеткізу, сауатты бизнес жоспар құру тағы да басқа ауыл мәселелері бойынша сұрақтар қойылды.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА, Ойыл-Саралжын-Қаратал-Ойыл.

МАЛ АЗЫҒЫ – МАҢДАЙ ТЕРІҢ! ТІЛСІЗ ЖАУДЫҢ «ҚҰРБАНЫ» БОЛМАСЫН!



Қоғамдық мал басын өсіру, одан алынатын өнімдерді арттыру ең бірінші шаруашылықтың жоғары сапалы жем-шөппен қамтамасыз етілуіне байланысты. Мал азығын дайындау кезінде сысрақпа жол бермеу үшін өрт қауіпсіздігі шаралары қатаң сақталуы керек

Яғни, жұмылдырылатын техникаларды жарақты өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету, ірі жемшөптерді тасымалдауға арналған көлік құралдары екі ұнтақты өрт сөндіргішпен қосымша жабдықтап,

агрегатта және оның айналасында темекі тартуға тыйым салып, темекі тарту үшін арнайы орын бөлу керек. Тракторлар мен автомобильдердің уақыт сөндіргіштермен және жарақты өрт сөндіргіштермен жабдықтауы тиіс. Ал, электр-газ дәнекерлеушімен жүргізілетін жөндеу жұмыстары арнаулы орындарда атқарылуы керек. Ірі жемшөптерді жинау биіктігі жер деңгейінен 4 метрден аспағаны абзал. Ірі жемшөптерді тасымалдау арнайы жабдықталған көлік құралы, олардың пайдаланылған құбырлары радиатордың астына шығарылады және уақыт сөндіргіштермен жабдықтауы міндетті.

Тұрғын үйлердің қожалық учаскелерінде ірі жемшөптерді жинау ғимараттарға және аула алдындағы құрылыстарға дейін кемінде 15 метр қашықтықта орындау. Көрсетілген қашықтықта ірі жемшөптерді жинау мүмкін болмаған кезде, жинау орнын кемінде 500 литр суы бар қосымша ыдыспен қамтамасыз еткен жағдайда қашықтық 5 метрге дейін қысқартылады. Қоралар мен басқа да шаруашы-

лық құрылыстардың шатырларына, электр жеткізу желілерінің астына, учаскенің сыртқы қоршауынан кемінде 3 метр қашықтықта шөп шошқаларын, шөмелелерді, ірі жем-шөп маяларын, өзге де жаңғыш заттар мен материалдарды жинауға жол берілмейді.

Бұл ережелер мал азығын дайындауға атсалысып жүрген өрбір қожалық мүшелерімен жұмысшыларға таныстырылып, оны қатаң сақтауға бақылау өрбір қожалық иелерінің міндеті.

Сондықтан да дайындалған мал азығын дайындау, тасымалдау кезінде өрт қауіпінен сақтану мақсатында барлық өрт қауіпсіздік ережелерімен талаптарды қатаң сақтау қажет. Өрине, өңгіме арқауы осы байлық көздерін кездейсоқ оқиғалардың бірі – өрт қауіпінен сақтау баршымыздың ортақ міндетіміз болуға тиіс. Осыған байланысты барлық жерде мал азығын дайындаудан қатар оны өрттен сақтаудың барлық шараларын қолдану қажет.

Ойыл аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі

БІЗДІҢ ҚАЙСАР - БЕЛСЕНДІ ЖАС



Шер аға айтқандай «Таланттылар – раушан гүлі сияқты жан-жағына жұпар шашып, көңіл ашады». Біз жазғалы отырған кейіпкер осыған дәлел. Бір емес, бірнеше аспаптың құлағында ойнап жүрген жас жігіт талай бөйгеде топ жарып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп жүр.

Ақтөбе облыстық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен 12 тамыз – Халықаралық жастар күнін атап өту мақсатында «Сол нечней» демалыс орталығында «Жастар күші – жарқын істердің бастауы» атты мерекелік шара өтті. Айтұлы шараға біздің аудандан белсенді жас, Қайсар Махметов қатысып келді. Мәдениет саласының алға басуына бойдағы таланты арқылы атсалысып келе жатқан Қайсар Ақтөбе облысы өкімінің орынбасары Бұлбұл Елеусінованың атынан алғыс хат және бағалы сыйлықтармен марапатталды.